| ҰҚ | **Қазақ тілі 19,21.12.2023** |
|---|---|
| *Міндеті* | **Міндеті:** Балаларға келіп жеткен жаңа жыл туралы мәлімет беру. Жаңа жыл әр бала үшін қуанышты мереке, мереке қарсаңында балаларға бірінші жартыжылдық тақырыптар барысында өткен барлық тақырыптардағы сөздері қайталату. Жаңа жылдан не күтетенідерін сұрау.Сыйлық туралы шағын әңгіме айтып беру.<br>**Сөздер: Аяз Ата, Ақшақар, шырша, сыйлық.** |
| **Көрнекіліктер** | Тақырыпқа байланысты суреттер, бейнеролик |
| **Мотивациялық-қозғаушылық** | Достар, бері келіңдер,<br>Қолдарыңды беріңдер.<br>Шаттық толы шеңберге,<br>Қуанышпен еніңдер. |
| **Ұйымдастыру-ізденушілік** | Балалармен жаңа жыл туралы әңгімелесу.<br>Мұғалім: балалар біз бүгін сіздермен жаңа жыл мерекесі туралы әңгімелесеміз.<br>Өткен тақырыпты қайталау үшін **«Ғажайып сәт»** ойын ойнауға шақырамын. Қима қағаздағы түстерді тауып, олардың түрлері атау.<br>**Жаңа сөздермен таныстыру.** Сиқырлы қалам постерімен жұмыс. Балалармен бірге суреттер арқылы сөздерден сөйлем құрау.<br>Қыста Жаңа жыл мерекесі болады. Бұл мерекені отбасымызбен, достарымызбен бірге тойлаймыз.<br>–Суретте Аязата, Ақшақар және балалар бейнеленген.<br>–Суретте кімдерді көріп тұрсыңдар?<br>–Суретте Аязата, Ақшақар және балалар бейнеленген.<br>–Мынау – Ақшақар.<br>–Мынау кім?<br>–Мынау Ақшақар. Мынау – сыйлықтар.<br>–Мынау сыйлықтар. Мынау нелер?<br>–Ақшақар балаларға сыйлық таратып жатыр.<br>–Ақшақар балаларға не таратып жатыр?<br>–Сыйлық таратып жатыр.<br>–Мынау – Аязата. Мынау кім? Мынау – Аязата.<br>–Аязата балалардың тақпақтарын тыңдап отыр.<br>–Аязата не істеп отыр?<br>–Тақпақтарын тыңдап отыр.<br>–Балалар көңілді. Мерекеде ән айтып, тақпақ оқиды, ойыноойнайды.<br>–Балалардың көңіл күйлері қандай?<br>–Балалар көңілді. Мерекеде ән айтып, тақпақ оқиды, ойыноойнайды.<br>–Мынау – шырша.<br>–Мынау не?<br>–Мынау – шырша. Балалар шыршаны айналып ән айтады.<br>–Балалар не істейді?<br>–Балалар шыршаны айналып ән айтады.<br>Балалар сұрақтарға жауап беру барысында жаңа сөздердіжеке, хормен қайталау.<br>**Дыбыстық жаттығу**<br>Қ-қ-қ-қ -Ақ-қ-ша-қ-қар- Ақшақар Қ-қ-қ-қ- сый-лық-қ- сыйлық<br>Педагог шағын мәтін құрап айтады.<br>Қыста Жаңа жыл мерекесі болады. Мерекеге Аязата мен Ақшақар келеді. Аязата мен Ақшақар балаларға сыйлықтар әкеледі. Балалармерекеде ән айтып, тақпақ оқиды, ойын ойнайды.<br>**Сергіту сәті:** Педагог ортаға шыршаны қойып, балаларшыршаны айналадыу. (музыка қосылады)<br>**«Жаңа жыл» әні.**<br>Жаңа жыл, жаңа жыл!<br>Жаңа жылда жаңа жыр.<br>Жасыл шырша жанында<br>Жадырап бар бала жүр. |
| **Рефлексивті түзетушілік** | **Ойын** «Ақырын-қатты» ойынын ойнату. Мұғалім ақырын айтқан сөзді балалар дауысын қаттырақ шығарып айтады. Педагог қорытынды жасайды. |

**Тексерілді : 19.12.2023 ж**

Әдіскер: [signature] А.Ж.Жумашева